

Әбдезұлы. Ресми сарапшылары — Д.Ысқақұлы, Б.Ыбырайым және Р.Тұрысбек. Диссертацияны сарапшылар қазақ әдебиеттану саласына қосылған сүбелі еңбек деп бағалап отыр.

Жазушы шығармаларын педагогикалық жақтан қарастыратын болсақ, эстетикалық, патриоттық, еңбек, адамгершілік, сонымен бірге ұлтжандылық, елжандылық, отансүйгіштік, т.б. тәрбие түрлеріне қарай жан-жақты зерттеп қарастыруға болады, ал тілдік жағынан келетін болсақ, тілдің қыр-сырын ашу өз алдына болса, әдебиеттің бүкіл көркемдік сыр-сипатын, образдық бейнелерді, пейзаждық суреттемелерді т.б. ғылыми тұрғыда сараптап талдауға әбден болар еді. Қандай салаға қалай қалам тартса да, Әбекең шығармаларын жан-жақты зерттеуге жол ашыла берері анық.

Сондықтан алдағы уақытта да жазушы шығармашылығын тек лингвистикалық тұрғыдан ғана емес, тарихи, философиялық, танымдық, психологиялық т.с.с. қырларынан тереңдете зерттейтін ғылыми еңбектердің жазылатынына сеніміміз мол.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. — Алматы: Юрист, 2007. — 196 б.
2. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі кешенді тәрбие бағдарламасы. — Алматы, 2000. — 21 б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Орталық Қазақстан. — 2004. — 28 қазан. — 4–7-б.
4. Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2008–2010 годы. — Астана, 2008. — 10 с.
5. Қирабаев С. Суреткер // Егемен Қазақстан. — 2009. — 24 шілде. — 5, 6-б.
6. <http://www.kekilbaev.kz/index.php>
7. Кекілбай Ә. Тіл және тәуелсіздік. — Астана: Ер-Дәулет, 2007. — 296-б.
8. Кекілбаев Ә. Шығармалар жинағы. 2 т. — Т. 1. Роман және повестер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 400 б.

ӘОЖ 37.02:574

А.Б.Мырзабаев<sup>1</sup>, А.М.Байғотанова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

<sup>2</sup>Балқаш гуманитарлық-техникалық институты

#### БИОЭТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*В статье рассматривается проблема биоэтики как направления научной этики, которая сформулировалась на стыке наук 60–70 годов двадцатого столетия. Выделение биоэтики в особую сферу этических знаний было продиктовано возникновением в процессе развития биологии и ее практического использования ряда острых проблем, требующих специального этического осмысления. Первоочередной среди них стала угроза уничтожения всех форм жизни на Земле. Ответственность за это несут не только политики, но и ученые, особенно физики, химики, биологи. В ходе решения подобных и других проблем утверждаются основные принципы биоэтики, некоторые из которых широко признаны уже сегодня.*

*In the article the problem of bioethics as a trend of scientific ethics which was formed in 60–70 years of the 20<sup>th</sup> centuries is considered. The defining of bioethics as a special sphere of ethics knowledge was dictated by formation in the process of biology development and its practical using of number of acute problems requiring special ethic thought. The first problem became the threat of extermination of all forms of life on the Earth. Not only politicians, but also scientists particularly physics, chemists, biologists are responsible for it. During solving these problems and other problems main principles of bioethics are confirmed some of which are widely recognized today.*

Тіршілік нысандарына деген жалпы қамқорлық адамдарға қарым-қатынаста жүрегімен елжіреу сияқты сезімдерді дамытады. Табиғатқа қамқорлық адамға деген қамқорлықтың биік мақсаттарына бағынады. Қатыгездік, жануарлар мен өсімдіктерге ақылсыз көзқарас (қырып-жойып), табиғатқа зиян келтіру — адамгершілікке жат. Олай болса, бұл этикалық нормалардан ауытқушылық.

Осы проблеманы жан-жақты оқып-үйрену оқушыларда биоэтикалық сана мен дүниетанымды қалыптастырудың педагогикалық қажеттілігі және педагогикалық теория мен практикада оның жасалмағандығы арасындағы қайшылық бар екендігін көрсетеді.

Сонымен, биоэтикалық білім берудің маңыздылығы және оны жүргізу үшін қажетті жағдайлар мен заңдылықтарын қарастыратын бағытталған зерттеулердің жоқтығы байқалады. Осы мәселені зерттеудегі негізгі нысан — қазіргі мектепте білім беру қызметін жетілдіру үдерісі. Зерттеу пәні — мектепте биоэтикалық білім беру жолдары мен әдістерін жүзеге асыру.

Зерттеудің мақсаты — биологиялық этикалық білім беруді педагогикалық тұрғыда қамтамасыз ету негіздерін анықтау және оны сыныпта жүзеге асыру жолдарын жасау.

Зерттеліп отырған проблеманың теориясы мен практикасын алдын ала қорытындылап жинақтау негізінде және қойылған мақсатқа сәйкес зерттеудің мынадай ғылыми болжамы құрылды. Ол мектепте биоэтикалық білім беру мынадай жағдайлар болса мүмкін болады:

- мектепте биоэтикалық білім беру жолдары теориялық тұрғыда негізделсе;
- биоэтикалық білім беру технологиялары анықталып жүзеге асырылса.

Осы айтылған зерттеудің пәні, мақсаты және болжамына сәйкес «биоэтика» ұғымының мәніне талдау жасау және биоэтикаға өз анықтамамызды беру мен биоэтикалық білім беру әдістемесін жасап тәжірибеде бақылау деп зерттеу міндеттерін анықтадық.

Біздің басшылыққа алған әдіснамалық негізіміз — экологиялық білім беру; білім берудің әлеуметтік себептері; адамның табиғаттағы рөлі мен орны турасындағы философиялық, педагогикалық, психологиялық зерттеулер болып табылады.

Осы зерттеудің жетекші идеясы болып оқушылардың адамгершілік, жоғары мәдениеттілік тәрбиесіне жетудің ғылыми-теориялық және дидактикалық негіздерін тұжырымдау арқылы биоэтика талаптарына сай тұлға тәрбиелеуге ықпал ету саналады.

Қойылған міндеттерді шешу және алғашқы жорамалдарымызды тексеру үшін мынадай зерттеу әдістері қолданылды:

- философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді теориялық талдау;
- педагогикалық тәжірибелерді тұжырымдау;
- диагностикалық (анкета алу, жазбаша және ауызша сұрау, пікірлесу);
- обсервациялық (тікелей және тұспалдап бақылау, өткен практиканы талдау);
- тәжірибелік-эксперименттік жұмыс;
- эмпирикалық деректерді статистикалық өңдеу әдісі.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы:

- биоэтикалық білім беру жолдары теориялық негізделіп, практикада тәжірибеден өтті;
- мектепте биоэтикалық білім берудің технологиясы жасалды.

Оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда биоэтикалық білім берудің рөлін зерттеу кезінде тіршіліктің тарихи дамуындағы мәдениет, ғылым және дүниетаным негіздеріне байланысты ғылыми әдебиеттер пайдаланылды. Қоғамның рухани мәдениетіндегі ғылымның орны қарастырылып, жаратылыстану-ғылымилық және гуманитарлық мәдениет мәселелері талданады. Онда жалпы мәдениет, ғылымның дамуы, ғылыми этика мен биоэтиканың қалыптасуының қоғамдық-әлеуметтік жағдайлары қарастырылады.

Зерттеу негізінен мектептердегі биология пәнінен оқу-тәрбие үдерісіндегі биоэтика мәселелерін оқу үйрену тұрғысында болды. Онда мектепте биология пәндерін оқыту мен тәрбиелеуде аталған мәселеге байланысты сабақтар мен тәрбиелік шараларда атқарылатын жұмыстар аясы берілді. Биоэтика мәселелерін биология сабақтарында беру тәжірибесі бойынша атқарылған жұмыстар мен эксперимент нәтижелері берілді.

Қорытындыда мектеп биология пәні бойынша осы тақырыпқа сәйкес жалпы орындалған жұмыстардан алынған нәтиже негізінде тұжырым жасалып, ұсыныстар беріледі.

Биологияның адамның қоғамдық өмірінің әр түрлі саласына бойлай кіруі қоғам тарапынан оның ғылыми жетістіктерін қолдануды бақылаудың жаңа формасын да талап етті. Қоғамда адамның мінез-құлқы мен тәртібін реттеп отырудың әр түрлі құралдары бар. Оның ішінде мемлекет пен мешіттің орны ерекше.

Көпшілік жағдайда өнегеліліктің, адамгершіліктің, имандылықтың, жалпы қабылданған ережелерінің әсері күштірек болады. Өнегеліліктің ережелерін реттеуде аса тиімділіктің құпиясы — салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың және әдеттің күшінде, олардың жан-жақты, барлығын қамтитын сипатында. Адамгершілік ережелері көбінесе сыртқы қандай да бір күштің қадағалауын қажет

етпейді, өйткені олар әрбір адамның жан дүниесінде қаланған бір ішкі бақылауға сүйенеді. Осыдан басқа, адамгершіліктің бір ерекшелігі, оның ережелері аса өзгермелі (ауытқымалы), өсіңкі, жаңа пайда болған әлеуметтік проблемаларға тез жауап қайырады. Осы тұрғысында олар құқықтық ережелерден анағұрлым озық.

Қазіргі таңдағы биология пәні келешектегі ғалым-биологтарды тәрбиелелейтін оларға болашақ қызметтерінде ғылыми этиканы сақтау арқылы барлық тіршілік иелерін қорғауға атсалысу керек екенін ұғындыратын пән, олай болса осымен байланысты мектеп қабырғасында биоэтика мәселесі оқушыларға сезіндірілуі қажет. Сондықтан кәсіби этиканың тағы бір жаңа саласы — биологиялық этика қазіргі тіршілікті сақтап қалу принципі тұрғысынан жаңа мазмұнда негізделуі қажет. Оның пайда болуы адамгершіліктің, экологиялық мәдениеттің тәрбиеленуімен, эволюциялық дамудың қайтымсыздығы негізінде экологиялық адамгершілік идеясын әрі дамытуда болуы тиіс.

Мемлекетіміздің қоғамдық өмірі саласында жүріп жатқан демократиялық өзгерістерге байланысты, белгілі әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруды көздеген білім беру жүйесіне қойылған талаптар арта түсуде. Адамзаттың болашағы көптеген жағдайлармен анықталады, бірақ олардың ішінде негіз болатыны — адамдар биосфераның даму заңдарын білуі, биосфераның деградацияға ұшырауының қисынды себептерін, адамдарға не рұқсат етілген және адам одан әрі асып кетпеуі тиіс шек қайда екендігін білуі қажет. Қазақстанның қазіргі нарықтық экономикалы, демократиялық қоғамға өтуі және өркениетті елдер қатарына қосылу бағытындағы даму кезеңінде құндылықтар мен әлеуметтік жағдайлармен астасқан мәселелердің алмасуымен байланысты ерекше проблемалар өзекті болып отыр.

Дамушы мемлекет үшін білімді, адамгершілік қасиеті жоғары, тапқыр және өз еліне, жері мен табиғатына жауапкершілікті сезінетін адам өсіп жетілуі керек. Осы міндет тұлғаның өмірлік жаңа ұстанымын қалыптастыратын білім беру жүйесіне жүктеледі. Сол талаптардың бірі — оқушының адамгершілік тәрбиесін жетілдіру.

Адамгершіліктің қалыптасуына адам, табиғат, қоғам білімдері тірек болады. Адам, табиғат, қоғам — біртұтас дүние. Адам, табиғат, қоғам арасындағы байланысты және олардың үнемі бірлікте дамитынын оқушылар бастауыш сыныптан бастап оқып түсінгені дұрыс. Адамгершілік сапаның қалыптасуына әрбір адамның дүниетанымы да әсер етеді. Дүниетанымдық тәрбиенің бастамасы бастауыш сыныпта «Дүниетану» пәнін оқығаннан дамытылып қоршаған дүниеден ұғым беретін материалдар, яғни дүниетану материалдарын оқытудан басталады. Дүниетанудан соң «Табиғаттану» пәндері арқылы меңгертіледі. Осы пәндерді оқу негізінде әлемді тану, қабылдау, табиғатты түсіну және еліміздің ғылымы мен мәдениетінен, этикасы мен эстетикасынан, құқық пен өнерінен, адамдар арасындағы қарым-қатынас формаларынан мағлұмат алады.

Пәнді оқып меңгеру барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: табиғат, адам, қоғам саласынан білім алады. Биология, химия пәндері мазмұнының бастамасынан, атап айтсақ, қоршаған дүние заттарынан, табиғат пен экологиядан түсінік алады, тарихи деректерге негізделіп берілген халықтың салт-дәстүрі, тұрмыс-қарекеті, кен-байлығы, мәдени-әдеби, көркем-қолөнер шығармашылығы арасындағы байланысты, сабақтастықты көре білуге үйренеді. Пәннен алған ұғымдарын басқа пәндермен кіріктіре оқу арқылы дүниенің тұтастығы жайында жүйелі білім негізін зерделейді.

Биоэтика философиялық білімнің ең маңызды өсу нүктесін береді. Биоэтика — этиканың адамның түрлі тіршілік формаларына деген қатынасы аясын қарастыратын бір бөлімі. «Этика» деген сөздің өзі адамның қоршаған орта алдындағы жауапкершілігі болып анықталады. Сонымен, биоэтика адамның басқа тіршілік иелеріне қатынасы жөніндегі мінез-қылығына байланысты білімнің бөлімі деп және адамның мінез-қылығының адамгершілік қырларына қатысты философиялық ұғым болып түсініледі [1].

«Биоэтика» деген ұғым соңғы бірнеше онжылдықта шыққан, бірақ осы уақыт ішінде биоэтика қарқындап кетті. Бірқатар мемлекеттерде қазірдің өзінде биоэтика орталықтары бар, мысалы, Еуропалық Одақта биоэтика жөніндегі комитет жұмыс істейді. Осындай атаумен Ресей ғылым академиясында да комитет ашылған [2].

Биоэтика түрлі ғылымдардың түйісінуіндегі зерттеушілік сипаттағы бағыт ретінде ХХ ғасырдың 60–70-жылдарында қалыптасқан.

«Биоэтика» деген терминді алғаш рет американдық дәрігер В.Р.Поттер ұсынған. Ол өзінің «Биоэтика: болашақтың көпірі» деген (1971) кітабында экологиялық этиканың ерекше вариантын белгілеу үшін қолданған. Онда ол адамның жануарлар мен өсімдіктерге қатысты қарым-қатынасы проблемасын көрсету мақсатында пайдаланған [3]. Осы тұрғыдан алатын болсақ, қазіргі таңда да

биоэтика мен адамның мінез-қылығы адамзат баласының моральдық және адамгершілік болмысымен, тәрбиесімен байланысты.

Адамгершілік — ол адамның қадірлілік жағын және құқын сыйлау, тұлғаның сөзсіз құндылығын сыйлау, сонымен қатар адамдардың игілігі жөнінде қам жеу сияқты саналы көзқарастар жиынтығы, тұлға ретінде әр адамның мәнінің тереңдігін көрсетеді. «Адамгершілік» ұғымы адамға деген құндылық қатынастың жинақталған барлық түрін береді. Сонымен қатар қазіргі кезде адамгершілік жөніндегі дәстүрлі ұғым табиғи құрамдаспен кеңейтілуде. Сондықтан «адамгершілік» сөзі тек «адам — адам» қарым-қатынасында ғана емес, «адам — табиғат» қарым-қатынасында да қолданылады.

Өсіп келе жатқан жас жеткіншектерде адамгершілік көзқарастар дамытуда өзінің ішкі дүниесін сезіну, сонымен қатар адам құндылығындағы оның әлеуметтік және биологиялық табиғатының бірлігін сезіну маңызды болып табылады. Бұл тұлғаның мәдениетіне және руханилылығына тікелей қатысты. Материалистік тұрғыдан қарағанда руханилық — ерекше, адамдардың материалдық және қоғамдық -тарихи практикасының жоғарғы жетістігі.

Кез келген баланың тәрбиесінің негізгі қайнар көзі адамгершіліктен басталады. Неғұрлым адамгершілігі жоғары, дүниеге көзқарасы терең адам өз елінің қамы, болашағы үшін қызмет етеді. Ал экологиялық тәрбиенің адамгершілік болмыспен, әсемдік (эстетикалық) және этикалық тәрбиемен байланысты болуы жас жеткіншектің дүниені қалай танитыны, оны қалай қабылдауынан көрінеді [4].

Сол себепті біз барлық тәрбиенің негізі, бастауы болып саналатын баланың өмірге көзқарасының негізін беретін дүниетанымдық тәрбиенің негізінде экологиялық тәрбиені де маңызды деп есептейміз. Осы проблема саласында жарық көрген арнайы ғылыми еңбектер және оқу-әдістемелік құралдар да баршылық.

Биология пәндерінде оқушыларға адамгершілік тәрбие, соның негізінде экологиялық тәрбиені дұрыс жолға қоюдың этикалық қырларын да зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

ЮНЕСКО-ның 1991 және 1993 жылдары Жак Делор бастаған ХХІ ғасырдағы білім жөніндегі Халықаралық комиссиясының қорытындысында «Білім берудің этикалық және мәдениет аспектілерін қайта қарап, әркімге әлемді хаостық қозғалысымен де бір тұтастықта қабылдап, түсінуге мүмкіндік жасау керек. Ол үшін білімге, толғануға, тәжірибеге және өзара сынға негізделген ішкі күшін салып, өзін-өзі түсінуден бастау керек» деген [5]. Осы айтылған комиссия тұжырымдамаларының негізі адамзаттың қазіргі тіршілікті сақтап қалуы проблемасынан туындаған. Өйткені рухани және материалды дүние арасындағы «мәңгілік қарама-қайшылық» бар. Өмір сүруді үйрену деген ауқымды мәселе бәрімізден ХХІ ғасырда дербестік, жеке бастың жауапкершілігін бағалауға қабілеттілікті талап етеді.

Жақсылық жасау сезімін және әсемдік (эстетика) пен этика сезімдерін тәрбиелеу тығыз байланыста. Табиғат нысандарымен қарым-қатынас адамда өнегелілік, құлықтылық және көркемдік сезімін дамытады. Өнегелілік үлгісі адамдардың бір-біріне адамгершілік қатынасымен анықталады. Табиғатқа адамшылық қатынас жанашушылық сезімін, оған қамқорлық, көмек қолын созу ықыласын дамытады.

Биоэтиканың қалыптасуының ең алғашқы маңызды алғы шарты экологиялық қозғалыс идеологиясы болып табылады. Ғылыми-техникалық прогресс адам мен адамзат үшін орасан зор игілік әкелгенімен қатар, оның өзінің тіршілігі мен мекен ортасына қауіп төндіруде. Экологиялық ойлаудың биомедицинаға әсері әсіресе әдетте қолданатын дәрі-дәрмектердің адам организміне көптеген жағдайда қолайсыз етеуінен өрши түскен. Содан биомедициналық ғылымның мақсаты тек қана терапевтік тиімді дәрі-дәрмектер немесе медициналық жаңа технологияларды жасап шығару ғана емес, олардың қосымша жағымсыз әсерлерін де болдырмау болып табылды. Осы мақсатқа жетуге уақыт пен қаражат шығыны артып кетпесе, кем түспейді.

Нәтижесінде жаңа терапевтік белсенді препараттарды синтездеу мен оны клиникалық қолдану арасындағы уақыт ұлғайды. Егер 60-жылдардың басында ол бірнеше апта болса, 80-жылдары он жылға созылды. Дәрілік препараттардың қауіпсіздік жағы, яғни олардың кері әсерін болдырмау шаралары, медицина ғылымдарының тез қарқын алып дамыған саласына айнала бастады.

Биоэтиканың негізгі міндеті — биомедициналық ғылым мен практиканың тоқтаусыз тудырып жатқан «туындыларына» қатысты күрделі моральдық проблемалар бойынша әр түрлі ұстанымдардың туындауына ықпал ету. Мысалы:

- адамды клондауға бола ма;
- генетикалық әдіс-тәсілдермен адамдардың (жоғары дене және интеллектуалдық сапалы) жаңа «породаларын» жасауға жол беруге бола ма;

– қайтыс болған адамның туысының рұқсатын сұрау қажет пе, егер оның дене мүшесін басқа адамға ауыстырып салғанда.

Рухани мәдениеттің феномені ретінде ғылымның негізгі нормалары жалпы ғылыми әрекеттің адамгершілік қырларын зерттейтін сала — ғылыми этикада беріледі.

Ғылымның негізгі этикалық нормалары:

- риясыз ізденіс және шындықты қорғау;
- ғылымды жаңа нәтижелермен байытуға ұмтылу;
- ұсынылып отырған ғылыми қағидаларды адал ниетпен негіздеу;
- мәселелерді талқылауда, сын айтуда шын көңілмен, ашық кірісу;
- ғылыми шығармашылық еркіндігі;
- ғалымның қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілігі.

XX ғасырдағы ғылымның үнемі тоқырауға ұшырауы және басқа себептерден ғалымдар эволюциялық этика идеясына жиі ден қояды. Алғаш рет оны ағылшын ғалымы Г.Спенсер тұжырымдаған. Ол адамгершілікті эволюциялық үдерістің даму формасы ретінде қарастырып, онда ол адам қоғамы дамуымен арақатыстағы барлық тірі табиғаттың сатысына қатысты қарастырды. Эволюциялық этиканың идеясы бойынша жақсылық (мейірбандылық) «жоғарырақ дамыған» деп анықталып, ал жауыздық (мейірімсіздік, рақымсыздық) «аз дамығандық» болып табылады (Дж.Хаксли).

Эволюциялық этика тұрғысынан алғанда адамгершілік парыз деп әлемдік жалпы эволюцияны жалғастыру миссиясын адамның өз мойнына алуы және космоспен үндескен бірлікте болатын жаңа қоғам құруды айтамыз. Осы идея қазір халықаралық конгрестер мен конференцияларда шындап талқылануда, әсіресе ол әлеуметтік биология мен генетика ғылымдарында кең өріс алуда.

Шын мәнінде ғылыми этиканы сақтау «жақсы-жаман» принципі бойынша аяушылық сезіммен бағалау емес, ол *Homo sapiens* ғылыми негізделген идеялардың әсерінен, өзінің ақылының параметрі бойынша *Homo moralis* (адамгершілікті адам) болып шығуына жеткізуі керек. Сонымен қоса қазіргі тоқырау жағдайында тірі қалу болашағы ғылымның этикалық нормалармен сәйкес *Homo humanus* (адамгершілікті адам) болуға міндеттейді. Осы сияқты ой-пікірлер эволюциялық гуманизм (эволюциялық адамгершілік) тұғырнамасында дамытылып отыр. Осының негізін салушылардың бірі — жоғарыда аталған ағылшын ғалымы, зоолог және философ Дж.Хаксли. Оның теориясының негізінде басты төрт ой-пікір жатыр:

- адам өзінің болашағына, онымен қоса планетаның дамуына жауапкершілікті екенін өзінің сана-сезімімен түсінуі керек және осы жауапкершілікті ол Құдайға да, тағдырға да, ешкімге де жүктей алмайды, тек өзіне ғана;
- адам Жерде мекен ететін тіршіліктің тек бір түрі, бір бірлігін ғана көрсетеді, сондықтан адамзат ұлт тұрғысынан, діни ұстанымы немесе әр түрлі идеологиядағы мемлекет блоктары жөнінен бір-бірімен бәсекелесетін, немесе бір-біріне дұшпандық қалыпта болатын «жалған түрлердің» жиынтығына айналмауы тиіс екенін мойындау;
- материалдық тоқшылық идеясының орнына адам үмітін жүзеге асыру идеясын көздеу (біздің «бай» қоғам кемістіктер мен тауқымет, бұзықтар толы қоғамға айналуға);
- жекелеген адам топтары үшін материалдық құндылықтар, ақша, өндіріс өнімдерін және материалдық игілік санын өсірудің орнына өмір, тіршілік «сапасын» және барлық қоршаған орта «сапасын» көтеруге ұмтылу.

Біздің пікірімізше, биоэтикалық жүйе осы идеяларды толғау, амалдау негізінен құрылуы тиіс және құрыла алады. Осы ой-пікірлердің көмегімен біз бытыраңқылықты жеңе аламыз, бір тұтастыққа бірігіп және адамзат өмірін мықты тұғырға тұрғыза аламыз. Дегенмен бұл мәдениеттің барлық рухани құрам бөліктеріне негізделген жаңа ойлау жүйесін қалыптастыруды ұйғарады. Ғылым көбінесе тек өзі ғана емес, сол өзі жұмыс істейтін және дамитын институттар жүйесі кінәлі болатын «күнәлары» үшін айыпалады. Ғылымның сыншылары мына жағдайда дұрыс сынады: ғылымның дамуы теріс әлеуметтік салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін, аса көкейкесті болып бара жатқан оның ашқан жаңалығын пайдалану мүмкіндігімен байланысты ғалымның әлеуметтік жауапкершілігі мәселесі. Бұл ғылыми барлық адамзаттың әлеуметтік сала бойынша зерттелетін еңбектің этикалық ережесі болып саналады.

Биологиялық этика — ол қайырымдылық пен қатыгездіктің, ар-ұят пен парыздың, намыс пен абыройдың биологиядағы эксперименталдық және теориялық жұмыстардың аясына және де оның

нәтижелерінің практикада қолданылуы барысында жалпы адамзаттың тіршілік иелеріне деген адамгершілігінің қарым-қатынасының жиынтығы.

Биоэтиканың этикалық білімнің ерекше саласына бөлінуі биологияның даму барысында және оның практикалық қолданылысында арнайы этикалық түйсінуді қажет ететін бірқатар өткір проблемалардың туындауымен байланысты болды. Олардың ішінде кезек күттірмейтін болып Жердегі тіршіліктің барлық формаларының жойылып кету қауіпі, бұған тек қана саясаткерлер емес, ғалымдар, оның ішінде химиктер, физиктер және биологтар жауапкершілікті болып табылады. Биология ғылымының жетістіктерімен байланысты бірқатар, айталық, жекелеген проблемалар туындады. Мысалы, өлім халіндегі адамның өмірін қолдау тиімділігі, оның «өлімге деген құқығын» пайдалану мүмкіндігін беру, жануарлар мен адамға ғылыми эксперимент жасау, тіпті генетиканы жануарлар мен адамды клондауға (көшірме) пайдаланудың мақсатқа сәйкестілігі. Бұл мәселеге байланысты 1997 жылы ұлыбританиялық доктор И.Вильмут басқа да ғалым-биологтармен бірге жасанды жолмен Долли атты қозы алып жұртшылықты дүр сілкіндіргендері бар. Осы кезде «Генетикалық революция» кітабының авторы, ғалым П.Диксон «әрине, бұл технология адамға да қолданылуы мүмкін» деген сұмдықты да айтқаны белгілі [6].

Осыған ұқсас және басқа да биоэтикалық проблемаларды шешудің барысында биоэтиканың негізгі принциптері анықталады, олар:

- өмір мен этиканың бірлігі және олардың терең сәйкестігі мен өзара байланыстылығы. Егер өмір реттіліктің, ұйымдасқандықтың табиғат әлеміндегі жоғары көрінісі болса, онда этика — қоғамдағы хаосқа қарсы тұратын күштердің жоғарғы көрінісі;
- тіршілікті, өмірді барлық этикалық құндылықтар ішіндегі ең жоғарғы санаттағысы деп тану, «өмірді аялау», «қастерлеу»;
- «адам-биосфера» жүйесін үндестіру принципі қазіргі таңдағы ең көкейкесті міндет етіліп, адам мен табиғат арасында тиімді өзара қатынас тудыруды жолға қою және ол үшін ғалымдар мен практиктерден әлеуметтік тұрмыстың биологиялық негіздерін барынша толық есепке алуын талап ететін жүйе құру.

Гераклиттің «Көп білгендік ақылға үйретпейді...» деген ойы афоризмге айналған. Бұл данышпандық пікір келелі проблеманы қозғап отыр. Өйткені тек оқып білім алу ақылды болудың тәсілі емес. Ең қауіптісі, білімділер көп-ақ, солардың арасында тәрбиелілері шамалы «кез келген оқушыны адамгершілікке барынша тәрбиелемесе, қоғамымыз моральдық, адамгершілік, парасат жағынан толығынан дағдарысқа ұшырауы мүмкін» [7]. Осы мәселелер жөнінде ғұлама ғалым әл-Фараби еңбектерінде айтылады. Ұлы Абайдың «Қара сөздерінде» де ғылым игеру, тәрбие (ақыл) төңірегінде өрбиді.

Мектеп оқушыларының қайырымдылық, аяушылық сезімдерін дамыту, әлсіз, әл-ахуалы төмен адамдарға көмек, қорған болуға даяр тұрарлық сезімдерін қалыптастыру мұсылман қауымына тән имандылық пен тәрбиеге келіп ұштасады.

Оқыту ғылымды білімге айналдырса, тәрбиелеу дегеніміз — өте қысқа мерзімде жеке адамға беріліп меңгерілуі тиісті мыңдаған жылдар бойы адамзат жасаған, тиянақтаған мәдени деңгейдегі жаңа мағына және құндылық тудыру. Мұғалімдер күнделікті қарым-қатынас арқылы оқушыларға «жеке тұлға» деген сөздің мағынасы терең екендігін, ол тек әдемі сөз, дабыра сендіру емес, іс жүзінде өзіне жауапкершілік алу, қиындыққа мойымайтын жоғары қабілет екенін көрсетуі керек. Оның өлшемі — адамның қылығы.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Лавриненко В.Н., Ратников В.П. Концепции современного естествознания. — М.: ЮНИТИ, 1997. — 272 с.
2. Карпенков С.Х. Концепции современного естествознания. — М.: Феникс, 2004. — 182 с.
3. Небель Б. Наука об окружающем мире. Как устроен мир. — М.: Мир, 2005. — 67 с.
4. Қалиев С., Майгаранова Ш., Нысамбаева Г., Бейсенбаева А.А. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. — Алматы: Білім, 2001. — 224-б.
5. Шнекендорф З.К. Воспитание учащихся в духе культуры мира, взаимопонимания прав человека // Педагогика. — 1997. — № 2. — С. 43–50.
6. Юдин Б.Г. Биоэтика: принципы, правила, проблемы. — М.: Эдиториал УРСС, 1988. — С. 55–57.
7. Нысанбаев Ә., Әбжанова Т. Адамға қарай бет бұрсақ. — Алматы: Қазақ ун-ті, 1992. — 160 с.